



Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес)

Бағыты: Оқу жүктемесі төмендетілген

Білім беру ұйымының атауы: _____

Сынып: 11 **Литер:** _____

Білім алушылардың аты жөні _____

1-бөлім

Ұлттық құндылықтар туралы жастардың пікірлерін оқып шығыңыз.

1-10-сұрақтар бойынша мәтінге (А, Ә, Б немесе В) сәйкес пікірлерді таңдаңыз. Бір мәтінді бірнеше пікірге қолдануға болады.

- 1 Жаһандану кезеңі адамдарда ортақ көзқарас қалыптастырады. [1]
- 2 Ұлттық болмысы арқылы сол халықты тануға болады. [1]
- 3 БАҚ ұлттық құндылықтарды насихаттаудың күшті құралы болмақ. [1]
- 4 Қоғамда қалыптасқан қағидаға ешкім қарсы келе алмайды. [1]
- 5 Біздің қоғамда үлкенге құрмет азайып бара жатыр. [1]
- 6 Ұлттық құндылықтарымызды заманауи тәсілдермен ұсынуға болады. [1]
- 7 Жастар мәдени даму үдерісінен артта қалғысы келмейді. [1]
- 8 Ұлттық тәрбиенің жетіспеушілігіне қоғам мен отбасы ғана жауапты емес. [1]
- 9 Жастар заманауи киім үлгісі мен өмір салтына еліктейді. [1]
- 10 Әдет-ғұрыптар өзгеріске ұшырап, дәстүріміз жоғалып бара жатқандай. [1]

А. Айша

Қазіргі замандастарымның көпшілігінде адами құндылықтар бар, бірақ мені олардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасы қанағаттандырмайды. Жасыратын ештеңе жоқ, көп жағдайда біз батысқа және шетелге еліктейміз. Шетелдің білімін, инновацияларын, технологияларын өз елімізге алып келудеміз. Сонымен бірге бізге мүлдем жат дүниелер де еніп жатыр. Олар ұлттық құндылықтарымызға міндетті түрде әсер етеді. Мәселен, соңғы кездері салт-дәстүрлерімізге өзгеріс еніп, қонақжайлылық қасиетіміз жойылып бара жатқандай әсер қалдырады. Қарттарды қадірлеу деңгейіміз де сын көтермейді. Бұрынғы кезде үлкен кісінің алдын кесіп өтпеген өнегелі жұрттың бүгінгі ұрпағы қазір күнделікті қоғамдық көліктерде қарияларға орын бермейтін халге де жетті. Осындай кезде мені ұлттық құндылықтарымыздың сақталу деңгейі алаңдатады.

Ә. Әлім

Кез келген халықтың ұлттық ерекшелігін тілінен, дінінен, әдебиетінен танимыз. Солардың барлығын бір ғана сөзбен «ұлттық құндылық» ұғымының төңірегіне топтастыруға болады. Қазіргі таңда ұлттық құндылықтар қаншалықты құрметке ие болып жүр? Өкініштісі – ұлттық құндылықтардың ұрпақ тәрбиесінен көрініс таппауы. Жастар ұлттық құндылықты сақтау керектігін білсе де, көбіне ата-баба мұрасына немқұрайлы қарайды. Батыстық мәдениеттің жетегінде жүрген жастарды көргенде еріксіз бас шайқайсың. Жыртық шалбарлар мен тырнақ бояудың түрлеріне, мағынасы жоқ бейнероликтерге, ондағы адамдардың тұрмысына қызығушылық таныту жастар арасында кең тарауда. Мұндай ұлт бейнесіне қайшы келетін образдар ұлттық болмысымызды жоғалтуға алып келеді.

Б. Бақыт

Бізге ұнасын, ұнамасын өркениет дамыған сайын жаһандану барысында ұлттық құндылықтар түбінде азаяды, бәрімізге ортақ құндылықтар қалыптасады. Ғаламданудың қарқынымен адамдардың ойы мен талғамы бір-біріне ұқсай бастайды. Кез келген ұлтқа жалпы адамзаттық құндылықтарды қабылдауға тура келеді. Демек, бұл – заңдылық, бұдан біз ешқайда да қаша алмаймыз. Бүгінгі жастар өзін-өзі табуды, дамытуды, индивидтік миссияны басты приоритетке қояды. Осыған қарап жастарды өзімшіл, ұлттық құндылықтардан алшақ деп айтуға болмайды. Өйткені өркениетті қоғам құруға ынталы жастар сол қоғамның құндылықтарын қабылдауы қажет. Дамыған қоғам – өз құқығын білетін, қажетті жерде өздерінің пікірін еркін білдіре алатын ерікті азаматтардың бірлестігі. Кез келген жастың ойы – өркениетті өзгерістер үдерісіне ілесу. Олар өз замандастарынан қалмай, жан-жақты дамуға ұмтылады.

В. Ерболат

Біздің әке-шешеміз бізді асыраудың қамымен күнделікті жұмыста жүреді. Оларды да, қоғамды да кінәлай алмаймыз. Жастарға ұлттық тәрбие жетіспейді дейтіндер бар. Сонда біз ұлттық тәрбиені қайдан үйренеміз? Жастар бос уақытында немен айналысады? Сөзсіз, телеарналар мен ғаламторға тәуелді. Мәселен, біз телеарнадан немесе ғаламтордан бір жарнаманы қайта-қайта көріп, жаттап аламыз. Неге ұлттық құндылықтарды осындай жарнамалар арқылы жарияламасқа? Одан кейін қазіргі жастардың басым көпшілігі «Instagram» желісінде отырады. Ендеше бұл мүмкіндікті неліктен қолданбасқа? Ұлттық құндылықтарымызды осылай насихаттауға болады ғой. Мысалы, біз біле бермейтін дәстүрлерді, күйлерді, жырларды, ертегілерді арнайы бейнероликтер, подкастар арқылы таратуға болады. Бұл жастар үшін қызық және ыңғайлы болар еді.

<https://ar-ay.kz/ulattyk-kundylyktar-urpakka-amanat/>

[Барлығы: 10 балл]

2-бөлім

Мәтінде берілген ақпараттарды қолданып және өз пікіріңізді қосып, төмендегі сұраққа кемінде 130-180 сөзден тұратын жауап жазыңыз.

Жаһанданудың ұлттық құндылықтарға әсері қандай?

.....
[Барлығы: мәтіндердегі идеяларды/ақпараттарды/аргументтерді қолдануына 10 + жеке жауабына 10 + сөйлеу тілінің сапасы үшін 10 = 30]

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....

[illegible]

Blank lined paper for writing.